3) Жобаның тезистері
4) Электронды және басылым түріндегі авторлық материалдар (DVD-R дискіде).

Барлық материалдар ББД ОӘО-да (414 каб.) қабылданып, тіркеледі.

Іштей өткізілетін кезең

Сырттай өткізілген кезеңнің іріктеуінен өткен жобалар презентациясы (стенд, мультимедиа түрінде, шеберлік кластар) – 2014 ж. 28 ақпан.

8.Тезистерді ресімдеуге қойылатын талаптар:

Тезистер (жұмыстың баяндалуы) қағаз және электронды нұсқада тапсырылады, көлемі 2 беттен кем болмауы және 5 беттен аспауы керек, TimesNewRoman 12 шрифтісі, бірлік интервалы, жиекжолы: жоғарғысы – 1 см, төменгісі – 1 см, сол жағы – 2 см, оң жағы – 1 см, мәтіндегі абзацтар (15 мм) кейін жазылады.

9.Материалдарды іріктеу өлшемдері

-Көрме-жәрмеңкесінің басымдықтарына сәйкестілігі;
-Тұжырымдылығы (автор көзқарасы, жетекші педагогикалық идеялардың, логиканың айқындылығы);
-өзектілігі, нақты мәселені шешу маңыздылығы;
-инновациялық бағыттылығы (сәйкес құжаттармен расталуы мүмкін);
-технологиялылығы (өзге педагогтің, маманның қызметіне ену мүмкіндігі т.б.);
- өнімде интеллектуалдық меншіктің болуы;
-өнімнің көрнектілігі;
-автор жұмысының іске асу нәтижелілігі.

10.Ұсынымға қойылатын талаптар

Іштей өткізілетін кезеңнің аясында қатысушы көрменің басқа қатысушылары мен қонақтарына өзінің инновацияларын ауызша немесе шеберлік класс түрінде (қатысушының таңдауы бойынша) таныстырады.

Қатысушы өзінің жобасын бірегей қызықты етіп, ең бастысы оны іске асырудың нақты технологиясын ұсынуы қажет.

Жобаның ауызша презентациясы (мультимедиалы тұсаукесер немесе стенд түрінде).

-тақырыбы (атауы), авторлық жұмыстың мақсаты, міндеттері, авторлық жұмыстың жетекшісі, тезистік нұсқадағы авторлық жұмыстың өзі ;
-фотоматериалдар (мүмкіндігінше);
-авторлық жұмысты іске асыру нәтижесі;
-түрлі қосымшалар, көрсетілім түріндегі материалдар;
-интеллектуалдық өнімнің болуы;

Берілетін уақыт мөлшері (регламент) 5-7 минут.

Шеберлік класс

-тақырыбы (атауы), мақсаты, міндеттері;
-бағытты аудитория және тыңдаушылар саны;
-шеберлік класты өткізуге арналған материалдар мен жабдықтар;
-шеберлік класс туралы жарнама;
-тыңдаушылар үшін үлестірме материалдардың болуы;

Берілетін уақыт мөлшері (регламент) 5-7 минут.

11.Қорытындылау және марапаттау

11.1. Көрме қорытындысы жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттау рәсімінде жарияланады.

11.2. Жеңімпаздарды марапаттау:

Іштей кезеңге өткен бағдарламалардың, әдістемелердің, технологиялардың авторларына (тең авторларға) «Педагогикалық инновациялардың Көрме-жәрмеңкесі» қатысушының сертификаты табыс етіледі.

Әр номинация бойынша жеңімпаздар «Педагогикалық инновациялардың Көрме-жәрмеңкесінің» бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

11.3.Үздік материалдар ББД ОӘО сайтына орналастырылады.